# БАЛАЛАРДЫ ТӘУЛІК БОЙЫ СТАЦИОНАРҒА ШҰҒЫЛ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛЫ ЕМДЕУГЕ ЖАТҚЫЗУ: **АТА-АНАЛАРДЫҢ НЕНІ БІЛУІ МАҢЫЗДЫ**

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ | ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ



Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz



# Баланы ауруханаға жатқызу үшін қандай медициналық тексерулер қажет болуы мүмкін?

- стационарға емдеуге жатқызуға **жіберу қағазы**
- портал бойынша жоспарлы емдеуге **жатқызу талоны**
- баланың даму тарихынан **үзінді**
- **егу картасы**
- соңғы айдағы баланың эпидемиологиялық ортасы туралы **анықтама**
- қышыма, дерматомикоз, **педикулезге тексеру**
- **қанның жалпы талдауы**
- **микрореакцияға қан**
- **бак. патогендік** флораға нәжіс
- **гепатит вирусына маркерлер**
- **АИТВ-ға қан**
- **Covid-19 үшін ПТР**





# Ауруханаға жатқызу кезінде баламен бірге жүретін ересек адамға қандай медициналық тексерулер қажет болуы мүмкін?

- **флюорография**
- **микрореакцияға қан**
- **гельминт жұмыртқаларына қырынды**
- **Covid-19 үшін ПТР**
- баланың заңды өкілінің еріп жүретін адамға берген **сенімхаты** (нотариалды куәландырылған)



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ | ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

2021 ЖЫЛЫ

# 755 478

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАЛАЛАР ТӘУЛІК БОЙЫ СТАЦИОНАР ЖАҒДАЙЫНДА 141 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ СОМАҒА ЕМ АЛДЫ

## Күн саны



# Ауруханаға жатқызу кезінде баламен бірге еріп жүретін ересек адам қандай көмек күте алады?

**«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне**

сәйкес бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана стационарда болған барлық кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.сәйкес бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана стационарда болған барлық кезеңде тегін тамақпен қамтамасыз етіледі



Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz



# Стационарда балалардың бос уақыты қалай ұйымдастырылған?

Қазіргі таңда күллі стационарларда барлық пәндер бойынша мектеп жасындағы балалар үшін іс жүзінде жұмыс істеп жүрген **ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ТАРТА ОТЫРЫП САБАҚТАР ӨТКІЗЕТІН БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.** Әрбір жеке стационардағы оқу процесі ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес және медициналық көмек көрсету ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ҮШІН ЖИҺАЗБЕН,** кабельді теледидармен және ойыншықтармен жабдықталған ойын бөлмелері қарастырылған. Топтық және жеке сабақтар өткізу үшін тәрбиешілер тартылады.





# Қандай жағдайларда баланы үлкендерге алып жүруге жол берілмейді?

## БАЛА КҮТІМІ ЖӨНІНДЕГІ СТАЦИОНАРҒА КЕЛЕСІ АДАМДАР ЖІБЕРІЛМЕЙДІ:

- **жіті инфекциялық аурулар,** оның ішінде туберкулез, COVID-19психическихнарушений
- **тері-венерологиялық аурулар**
- **маскүнемдік пен нашақорлықтан зардап шегушілер**
- **24 аптадан артық жүктілік кезінде**
- **65 жастан асқан адамдар**

Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz



# Туыстарының пациенттерге келу ережесі, сәлемдемелер қабылдау

**COVID-19 бойынша карантиндік шараларға байланысты көптеген стационарлар туыстарына келу және сәлемдемелер қабылдау ережелерін қайта қарады.** Сәлемдемені аурухана жанындағы арнайы қабылдау пунктінде қалдыруға болады. Сыртқы өңдеуден кейін сәлемдеме әр пациентке жеке палатаға жеткізіледі.





# Өзіңізбен бірге стационарға не алуға болады?

- **Құжаттар:** ауруханаға жатқызуға жолдама, талон, ауру тарихынан үзінді, баланың туу туралы куәлігі, ересек адамның жеке куәлігі, амбулаториялық карта және пациенттің ауруына байланысты тексеру нәтижелері
- **Ыңғайлы киім**
- **Ауыстырылатын аяқ киім.** Мүмкін болса, резеңке тапочка
- **Жеке гигиена құралдары**
- **Ұялы телефон және қуаттағыш**
- **Қажет деп тапсаңыз, жеке ыдыс**



Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz